

«М.А.Гендельманның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 19» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110 - летию М.А. Гендельмана». - 2023. - Т.І, Ч.І.- Б. 56-60.

**ӘОЖ 58.006**

## **АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА РАУШАН ГҮЛДЕРІН ӨСІРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ**

*Ертаев Темірлан Төрежанұлы, 2-курс студенті  
Жетекшілері: Тауасова Д.Н., Мырзабекова А.Н,  
арнайы пәндер оқытушылары*

*«Ш.Берсиев атындағы Ақтөбе жоғары ауыл шаруашылығы колледжі»  
МКҚК,  
Ақтөбе қ.*

Қазақстан — өсімдік қорының байлығы жағынан ең бай республикалардың бірі. Осындай байтақ өлкенің табиғи жағдайы біркелкі емес, соған байланысты әр аймақтың өзіне ғана тән өсімдігі бар.

Өсімдіктер көп түрлі. Соның ішінде гүлдердің алатын орны зор. Гүлдер дүниесі – нағыз тіршілік атаулының тірегі. Ол — өлі табиғат пен тірі табиғат арасындағы дәнекер. Сонымен қатар жасыл өсімдіктердің басты ролі – табиғатты көмір қышқыл газынан арылтып, оны оттегімен байытып отыруында. Гүл дегеніміз – бұтақтанбайтын, көбеюге қажетті жыныс органдары бар қысқарған өркен.

Ғылыми жұмыстың мақсаты:

Гүл – жер бетіне әсемдік, сұлулық сыйлайды, ауаны тазартады, жұпар иістендіреді, оттегін бөліп шығарады. Көктемнің алғашқы күндерімен қатар шығатын гүлдердің, соның ішінде раушан гүлдерінің саны жылдан-жылға сиреп, таралу аймағы тарылып барады. Сол себепті Ақтөбе облысымызда раушан гүлдерін көбейтіп, оларды өсірудің технологиясын меңгеріп, раушан гүлін облыс деңгейінде, Қазақстанда өсіру мүмкіншілігінің бар екендігін ескере отырып, болашақта кең көлемде өсіруді насихаттау.

Ғылыми жұмыстың өзектілігі:

Кең байтақ қазақ даласының қойнауы табиғи байлықтарға, алуан түрлі өсімдік түрлеріне аса бай. Соның бірі – көктемнің шығысымен күз мезгілінің аяғына дейін гүлдеп көздің жауын алып, құлпырып жайнайтын - раушан гүлі. Ғылыми жұмыстың өзектілігі әлем мойындап отырған, саны азайып бара жатқан ғажайып раушан гүлін өзіміздің Ақтөбе облысымызда кеңінен өсіріп, көбейтіп, Қазақстанда кеңінен таратуды насихаттау болып табылады.

Ғылыми жұмыстың ұсынысы:

1. Ақтөбе облысымызда Раушан гүлдерін кең көлемде өсіруді, көбейтуді және насихаттау жұмыстарын қолға алу;

## 2. Раушан гүлдерінен құралған гүлзарлар мен бақ-саябақтар ашуды ұсыну

Розаның шығу тарихы, халық шаруашылығындағы маңызы, қолданылуы

Раушан - жабайы итмұрыннан шығарылған іріктеме. Итмұрын гүлінде аталықтар өте көп екенін байқаған боларсыңдар. Олардың саны 100-ге жетеді екен. Адамның ерінбей еңбектенуі нәтижесінде соншама аталықтар күлтеге айналдырылды.

Сөйтіп бұйраланған раушан гүлі пайда болды. Қазіргі деректер бойынша раушанның 25000 іріктемесі шығарылыпты. Раушан гүлінің күлтесінен май алынатынын естіген боларсыңдар. Раушан майы - өте бағалы май, хош иісті заттар алуға пайдаланылады.

Бағзы заманнан бұл гүл, гүлдердің патшайымы болып есептеледі. Көне Үндістанда әлемнің сұлуы деп есптелген сұлу Лакшми, розаның гүлінен пайда болыпты да оның бесігі — роза гүлі жаратушы құдыреттің құпиясының айғағы екен деген аңыз. Раушан – гүлдердің патшайымы. Жалынды махаббат пен тәжім етудің, сүйкімділіктің нышаны. Раушан бағзы замандардан-ақ ең сәнді өсімдік саналып келген [1].

Қолданылуы:

Раушан гүлдерін көп мақсаттарда қолданады. Соның ішінде:

1. Раушан гүлдің суы теріні ылғалдандыру мен жұмсартуда, сондай-ақ терінің тітіркенуінде;
2. Раушан гүл суы көз ауырғанда оны жуу үшін;
3. Ароматерапияда қолданылатын раушан гүл суы денсаулыққа пайдалы;

Ең кеңінен қолданылатыны ол Раушан гүлін сатуда. Гүлдер тек әдемілік сыйламайды, адамның денсаулығына жақсы әсерін тигізеді. Гүл өскен ортада, тазалық, татулық пен бірлік, жақсылық пен жомарттық болары сөзсіз. Сол себепті Раушан гүлдерін көбіне сыйға тартуда қолданады.

Раушан гүлінің морфологиялық және биологиялық ерекшеліктері

Раушан гүлі – латынша атамасы *Rosa* (орысша-роза) - біржылдық өсімдік. Раушангүлдер тұқымдасына жатады. Сабағы – тікенді, жапырағы – сопақ, гүлі – әр түрлі, сарғыш-қызыл түсті болып келеді.

жапырақтарды түсі	қараңғы жасыл
Өсімдік биіктігі (см)	30-50 см
гүлінің түрі	бұта
сабақтарының түрі	тұрғызу
Гүл түс	қызғылт, сары, қызыл, ақ
нысаны жапырақтары	сопақ
Гүлдену уақыты	күз, жаз, көктем
иіс болуы	иісі бар



### Роза гүлін өсіру технологиясы

Раушангүл тұқымдасы (*Rosaceae*) — қос жарнақтыларға жататын бұта, ағаш тәріздес бір не екі жылдық өсімдіктер. Жер шарында кең таралған, негізінен, қоңыржай аймақта өседі, 100-ден аса туысы, 3 мыңнан астам түрі белгілі. Қазақстанда 36 туысы, 200-ден артық түрі бар, оның 12-сі өте сирек кездесетін өсімдіктер, сондықтан қорғауға алынып, Қазақстанның “Қызыл кітабына” енгізілген. Раушангүл тұқымдасына жататын өсімдіктердің жапырақтары күрделі, кезектесіп орналасады, бүтін жиекті, қосалқы жапырақшалары болады. Гүлі қос жынысты, кейде дара жынысты, жеке-жеке не топтанып орналасқан. Гүл күлтесі бесеу, аталығы мен аналығы көп, гүлқоршауы көбіне екі қатарлы. Бұл тұқымдасқа жататын өсімдіктер жел және жәндіктер арқылы тозаңданады [2].

Көктемнің шығысымен күз мезгілінің аяғына дейін гүлдеп көздің жауын алып, құлпырып жайнайтын - раушан гүлі. Раушан — бір жылдық, екі жылдық және көп жылдық, шөп сабақтас, жартылай бұта құрайтын өсімдік. Раушан майы — өте бағалы май, хош иісті заттар алуға пайдаланады.

Ғылыми жұмыстың өзектілігі әлем мойындап отырған, саны азайып бара жатқан ғажайып раушан гүлін өзіміздің Ақтөбе облысымызда кеңінен өсіріп, көбейтіп, Қазақстанда кеңінен таратуды насихаттау болып табылады.

Осы аталған раушан гүлі Ақтөбе облысымыздың Ақтөбе ауылшаруашылық колледжіміздің дендробағымызда 2018 жылдан бастап өсіріп келеміз. Аталған раушан гүлдердің мынадай түрлері өседі: Черная магия, Розовый фламинго, Твинкли-винкс т.б.

2018 жылы Ақтөбе ауылшаруашылық колледжінің арнайы пән оқытушылары Д.Тауасова мен А.Мырзабекованың жетекшілігімен колледж жанындағы дендробақта 1,5 соток жерге 1000 түп раушан гүлінің көшеттері отырғызылды. Раушан гүлін болашақ орманшылар екпе материалдарын егіп, толық өсіру технологиясын меңгеріп, жоғары сұранысқа ие болатын өнім болатыны белгілі, облыс деңгейінде, Қазақстанда өсіру мүмкіншілігінің бар екендігін ескере отырып, болашақта кең көлемде өсіруді насихаттаймыз.

### Раушан гүлдерін отырғызу

Отырғызу уақыты климаттық жағдайларға байланысты анықталады. Оларды күз және көктем мезгілдерінде отырғызады. Көктемде отырғызған

гүлдердің тамыр жүйелері толығымен қалыптасып үлгермесе де, бойлары тез өсіп, жаңа бүршіктері тез ашылады. Жаңа отырғызған раушан гүлдері ерекше күтім жұмыстарын қажет етеді. Көбіне раушан гүлдерін күз мезгілдерінде 1 қыркүйек пен 10 қазан күндері аралықтарында, тұрақты аязға дейін отырғызады. Күзде отырғызған гүлдерді міндетті түрде қысқа жабу керек. Ал көктем уақытында раушан гүлдерін 20 сәуір мен 20 мамыр күндері аралығында отырғызады. Раушан гүлін отырғызар алдында артық сабақтарын кесіп тастап, шұңқырды қазып алып, дұрыстап суарып барып отырғызады. Гүлді шұңқырдың дәл ортасына қойып, жан-жағын топырақтармен мұқият жауып, аяқпен таптау арқылы жабады. Жапқаннан соң міндетті түрде шіріген жапырақтарын алып, суарып, өркендерін натрий гумат ерітіндісімен өңдейді [3].

### Күтімі



Жаз бойы роза гүлін ауық-ауық суарып үстеп қоректендіріп, түбін босатып түптеу керек. Әрбір 7-10 күн сайын (ауа райына қарай) қандырып суарып отырса роза гүлінің ұдайы өсіп гүлдеп тұруына ықпалын тигізеді. Суды бұтаның түбіндегі шұқанаққа немесе атыз жасап соған жібереді де, артынан тегістеп жібереді [4].

Раушан гүлдерін қыс мезгілінен сақтап шыққаннан кейін, оларға күтім жұмыстарын міндетті түрде жүргізіледі. Күтім жұмыстарына ең алдымен:

- олардың әр қайсысының түптерін мұқият қолмен немесе тырмамен ашып шығу қажет;
- ашылған раушан гүлдерінің солған артық бұтақтардан тазартамыз;
- отырғызылған раушан гүлін суаруға ынғайлы етіп айналасын қопсытамыз;
- Раушан гүлінің кейбір түрлерінің ауырғандары болса, оларға аммиак селитрасын қосымша тыңайтқыш ретінде бердік.
- кейбір үсіп кеткен раушан гүлдердің орнына жаңаларын отырғызып толықтырамыз;
- содан соң күнделікті топырақтарын қопсытып, суару жұмыстарын жүргізіп күтім жасаймыз.

### Арамшөптер, зиянкестер және оларға қарсы күрес

Раушан гүлдерін өсіруде, оларды қорғаудың алдын алу шараларын, яғни агротехникалық және қорғау шараларын уақытылы жүргізіп отыру қажет. Жаңа отырғызылған Раушан гүлдеріне ерекше күтім қажет. Себебі жаңадан бүршік жарып өсіп келе жатқан раушан гүлдерін кеміргіш зиянкестер зақымдаулары мүмкін. Қауіпті кеміргіш зиянкестер: қоңыздар,

күрттар т.б. Олар раушан гүлдерінің мүшелерінің тұтастығын, түптердің өсі мен дамуын баяулатады, гүлденулерін азайту арқылы зақым келтіреді. Сондай-ақ инсектицидтерді қолданамыз [5].

Біздің дендробағымызда өсірген раушан гүлдеріміздің кейбір түрлері 2021-2022 жылдары өсімдік биті деп аталатын зиянкеспен ауырды. Оларға қарсы уақытылы күресу шаралары жүргізілді, ең алдымен аватар, тайфун деп аталатын дәрі-дәрмектер берілді. Негізгі аурулары: Роза гүлдеріне мынадай аурулар көп залал келтіреді: ақтандақ, жапырақтардың қара дағы, өскіндердің теңбілі.

### Роза гүлін қысқа сақтау



Бұл гүлді сақтауға дайындықты ерте бастау керек Тамыз айында гүлді кесуді доғару қажет. Сол кезде суаруды да, топырақты қопсытуды да тоқтатқан дұрыс. Ал арам шөбін міндетті түрде отап отыру керек. Алғашқы суық түскенше бұталарды 15-20 см етіп шымтезекпен немесе бос топырақпен көму қажет. Шамалы салқын түсіп топырақ тоңази бастағанда роза гүлдерін жауып тастайды. Ең жақсы жылу материалы шырша бұтақтары болып табылады. Раушан гүлін құрғақтай жабу әдісі тиімді [5].

### Қорытынды

Ғылыми жұмысты қорытындылай келе Раушан гүлін Ақтөбе облысының қара-қоңыр топырағында өсірудің агротехникалық талаптарын ескере отырып, облысымызда өсіруге болатындығын анықтадым. Демек, егерде раушан гүлін кең көлемде отырғызып көбейтсек, оларға сұраныс жоғары болатындығы белгілі. Раушан гүлдерін өсіру 2018 жылдан бастап Ақтөбе ауылшаруашылық колледжінің дендробағына Оңтүстік өңірінен 1000 түп раушан гүлін әкеліп егіп, оларды жерсіндіріп, өсірдік. Өсіру нәтижесінде оларды облысымыздың климаттық табиғи жағдайымызға сәйкес келетіндігі айқындалды.

Міне сондықтанда қорытындылай келе болашақта раушан гүлдерінен құралған көшеттерді өсіру, көбейтуді Ақтөбе өңірінде кеңінен қолданысқа енгізіп, сонымен қатар көгалдандыру жұмыстарында да жоғары сұранысқа ие болатыны анық.

Зерттеу жұмысымды қорытындылай келе, мынадай ұсыныс пікірлерімді білдіремін:

1. Ақтөбе облысымызда Раушан гүлдерін кең көлемде өсіруді, көбейтуді және насихаттау жұмыстарын қолға алу;
2. Осы Раушан гүлдерінен құралған гүлзарлар мен бақ-саябақтар ашылса;

Сөз соңында айтарым, табиғатты, оны айнала қоршаған ағаштарымызды, гүлдерімізді аялай білейік!

### Әдебиеттер тізімі

1. Мэтток Дж. Энциклопедия по выращиванию роз. [Текст]: АРТ-Родник, - 2003. – 160 с.
2. Хессайон Д. Все о розах. [Текст]: Издательство "Кладезь-букс", - 1996. - 141 с.
3. Клименко З.К. Секреты выращивания роз. [Текст]: Рипол-классик, - 2000. - 351 с
4. Клименко З.К. Розы. Выращивание. Уход. Использование. [Текст] / -М.: Фитоп, - 2001.-176 с.
5. Plant Biology. [Text]: - 2013. - Vol. 15. -№4. - P. 748-753 ISSN 1435-8603, E-ISSN 1438-8677